

«Келісілді»
Павлодар қаласы білім
беру бөлімінің басшысы

Қ.Қыдралин

«Бекітемін»
«Жігер» БЖК КМҚК
басшысының м.а.

О.Конратбаев

«Ақындар айтысы» қалалық конкурсын өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Балалар мен жастардың поэтикалық өнерін қалыптастыру, ақындар айтысын өткізудің болжамды ережелері оның мақсатын, міндеттері мен тәртібін айқындайды.

1.2. **Айтыстың мақсаты:** айтысты қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнер арқылы мәдениеттің баға жетпес мұрасы ретінде жан-жақты насихаттау, ұлттық рух пен патриотизмге, өз халқына және оның дәстүрлеріне құрмет сезімін тәрбиелеу, талантты шығармашылық жастарды анықтау.

1.3. Ақындар айтысының міндеттері:

Балалар мен жастардың қазақ халқының музыкалық мәдениетіне деген қызығушылығын ояту, поэтикалық, орындаушылық және вокалдық дағдыларды қалыптастыру, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік сезімін ояту, қазақ тілінің рөлін арттыру, халықтар достығы мен бірлігін дәріптеу.

1.4. «Ақындар айтысы» Павлодар облысы білім басқармасының Қалалық білім беру бөлімі және "Жігер" БЖК КМҚК ұйымдастырады.

1.5. Ақындар айтысын ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Ақындар айтысын өткізу шарттары мен тәртібі

2.1. Қатысушылар "Ақындар айтысын" айтыс өнерінің кез келген бағытын таңдап, театрландырылған қойылымдар қою, педагогтармен жарыс, ата-аналар сайысы арқылы қызықты форматта өткізеді, ұлттық құндылықты дәріптейді.

2.2. Айтыс түрлері:

- Бәдік айтысы (ойын, әзіл);
- Жар-жар;
- Жұмбақ айтыс;
- Айтыс қыздар мен жігіттер;
- Жануарлар мен адамдардың айтысы.

2.3. Айтысқа қатысушылар айтыс кезінде ұлттық аспапты пайдалана отырып қазақша үлгідегі ұлттық киімде болуы тиіс;

Әр білім беру ұйымының қатысушылары өз киімдерін өздері анықтайды.

- 2.4. Реквизиттер: домбыра, қатысушылардың ұлттық костюмдері.
2.5. Айтыстың ұзақтығы (5 минут).

2.6. «Ақындар айтысын» өткізу үшін ұсынылатын тақырыптар:

- «Жаңа күн – жаңа Қазақстан»;
«Туған жерім – мақтанышым»;
«Тілім – тұмарым»;
«Тәуелсіздігім – тұғырым».

2.7. «Ақындар айтысы» конкурсының қатысушылары:

Жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары.

3.Өткізу орны мен тәртібі.

3.1. Қалалық конкурсқа қатысушылар тиісті хатты metod-ziger@mail.ru электрондық поштасына 2024 жылдың 22 қазанына дейін жіберу керек.

3.2. Хатқа қоса беріледі:

- 1) Қатысуға өтініш (қатысушының Т. А. Ә., туған жылы, білім беру ұйымы, сыныбы);
- 2) жетекшінің Т.А. Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефондары.

3.3. «Ақындар айтысы» байқауының өтетін орны мен уақыты қосымша хабарланады.

4. Күтілетін нәтиже

4.1. Ұлттық құндылықты, айтыс өнерін жоғары деңгейде дәріптеу. Шеберлік сыныптарынан сапалы өту. Іс-шараға барлық орта және қосымша білім беру мекемелерінің толық қатысуы. Ақындар айтысына көрермендердің қызығушылығын, белсенділігін қалыптастыру. "Ақындар айтысы" конкурсының ақпараттық жария етілуі бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде қамтамасыз етіледі. Түсірілген жұмыстар, бейнежазбалар #1ТОҚСАН#АҚЫНДАРАЙТЫСЫ хэштегтерін белгілей отырып, әлеуметтік желілерде жариялануы тиіс

«Ақындар айтысы» конкурсына қатысуға өтінім

№	Білім беру ұйымы	Айтыстың түрі	Қатысушының ТА	Жетекшінің аты-жөні, телефон нөмірі